# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

395-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылға 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 395-ҚОСЫМША

*Ескерту. 395-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

637 - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметінің қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 116488 мың теңге (бір жүз он алты миллион төрт жүз сексен сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі ; "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-30-баптары; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы" 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2920 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, бюрократизмге қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер Тізілімін санаттар бойынша бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және оның аппаратының қызметін қамтамасыз ету. Қойылып отырған біліктілік талаптарына сәйкес, өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді түрде орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында кәсіби қызметі саласындағы оқыту бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерін, шеберлігі мен ептілігін жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және оның аппаратының өздеріне жүктелген міндеттерін мейлінше тиімді орындау мақсатында қызметін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне бір мезгілде ену, локалді міндеттерді сүйемелдеу, Конституциялық Кеңестің есептеу техникасына ақпараттық-техникалық қызмет көрсету. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін көтеру. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметін материалдық-техникалық және бағдарламалық жағынан қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | 001 | Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету | |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын, мүшелерін және оның аппаратын 37 бірлік деп бекітілген лимит саны шегінде ұстау. Бекітілген тиісті норматив бойынша 9 бірлік автокөлікті ұстау, жалға алу, жылы бокcты жалға алу. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің әкімшілік-шаруашылық қызметін қамтамасыз ету және құны 40 АЕК-тен аз өзге де тауарлар сатып алу; Ұйымдастыру техникасы құралдарын және өзге де негізгі құралдарды техникалық сүйемелдеу, қызмет көрсету және | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жөндеу жүргізу: ксерокстер - 3 бірлік, факстар - 2 бірлік. | | |
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметші-лердің біліктілі-гін арттыру | Біліктілік арттырудың бекітілген бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру, соның ішінде мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту жөніндегі қызметтерді сатып алу, біліктілік арттыру курстарынан өтіп жатқан мемлекеттік қызмет-шілердің орташа саны 29 тыңдаушы. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Конститу-циялық Кеңесі |
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материал-дық-техни-калық жарақтан-дыру | Сатып алу: сплит жүйе (ауаны ылғалда-тып, тазалатқыш) - 7 бірлік, d-72 теледидар - 1 бір-лік, столға қоятын жиынтық - 6 жиынтық, цифрлы фотокамера - 1 бірлік, еденге қойылатын сағат - 1 бірлік, еденге қойылатын сейф - 9 бірлік, металл шкаф-тар - 6 бірлік, құпиялылығы 2,5 деңгейлі шредер - 2 бірлік, Алтын адам - 1 бірлік, Тәуелсіз- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Конститу-циялық Кеңесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дік нышаны - 1 бірлік, Фемида - 1 бірлік, конгресс желі - 1 десте, факсимильді аппарат - 1 бірлік, УРВ кулер-диспенсер - 6 бірлік. | | |
| 5 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Шығындық материалдар, жинақтауыш және перифериялық материалдар. Веб-өкілдікті және веб-хостингті сүйемелдеу. "1С-бухгалтерия" бағдарламалық сүйемелдеуші және бейімдеуіш. 29 тұтынушыға арналған электрондық почта және Интернет бойынша қызмет. Ұйымдастыру техникасы құралдарына және өзге де негізгі құралдарға: жұмыс станциялары (сервер - 1 бірлік, компьютерлер - 29 бірлік, принтерлер - 27 бірлік) техникалық сүйемелдеу, қызмет көрсету және жөндеу жүргізу. Активтер сатып алу: коммутатор 24 port 10/100 Mbit - 2 бірлік, сұйық-крис- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі |

талды монитор - 18 бірлік, лазерлі принтер - 11 бірлік, Pentium 4.2 компьютері - 14 бірлік, ноутбук - 3 бірлік.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Аппаратқа жүктелген міндеттердің сапалы және уақытылы орындалуы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің үздіксіз қызмет істеуі. Қазіргі заманғы экономикалық жағдайға сәйкес, кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін көтеру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК